

**«Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің
3.11.2025 жыл №3 кезектен тыс педагогикалық кеңес
хаттамасының көшірмесінен үзінді**

Өтетін уақыты: 14:00

Қатысқандар: 53 (педагогикалық ұжым)

Кеңес төрайымы: А.Динасилова

Хатшы: А.Мурат

Күн тәртібінде:

1. «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің 2023–2024, 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу туралы.

/А.Динасилова/

Тыңдалды:

Мектеп директорының міндетін атқарушы А.Динасилова Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы – «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» құжатын басшылыққа ала отырып, мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып төмендегілер табылатындығын атап өтті:

1. білім беру ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2. оқыту және білім беру;
3. білікті қызметкерлердің болуы;
4. қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6. тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына талдау жасау арқылы жүзеге асырылады:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- 3) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің дайындық деңгейі;
- 4) оқу мерзімінің сәйкестігін талдау;
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

ШЕШІМ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің қызметіне жүргізілетін өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі **2025 жылдың 3.11–26.11 аралығы** болып бекітілсін.
3. «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.

4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысы барысында комиссия мүшелеріне нақты бағыттар бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.



Пед.кеңес төрағасы

А.Динасилова

Хатшы

А.Мурат